

**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне инвестициялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 маусымдағы N 712 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне инвестициялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне инвестициялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап . Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:**

1. "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжат; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжат; N 18, 142-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 жылғы 12 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2004 жылғы 12 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне дәрілік заттар айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының **З а ң ы н а**) :

мынадай мазмұндағы 134-1, 563-1-баптармен толықтырылсын:

"134-1-бап. Мемлекеттік заттай гранттарды қайтару мерзімдерін бұзу  
Инвестициялар туралы заңнамада белгіленген мемлекеттік заттай гранттарды қайтару мерзімдерін бұзу, -  
заңды тұлғаларға бір мыңнан екі мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш

мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

563-1-бап. Инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган

1. Инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган осы Кодекстің 134-1-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға инвестициялар жөніндегі уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары құқылы."

2. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 13, 99-құжат):

1) 9-баптың 6-тармағындағы "инвесторға" деген сөз "инвестициялық жобаны іске асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 12-баптың 7) тармақшасындағы "инвесторға - осы Кодексте және Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңдарында белгіленген тәртіппен меншікке немесе жер пайдалануға өтеусіз" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына кейіннен меншікке өтеусіз немесе жер пайдалануға бере отырып, инвестициялық жобаны іске асыру үшін уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығында" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 1-2, 4-құжат):

1 ) 1 - б а п т а :

1) тармақшадағы "инвестициялар - " деген сөзден кейін "қаржылық" деген сөзбен толықтырылсын;

7) тармақшадағы "инвестициялық жобаны іске асыру үшін Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының меншігіне не жер пайдалануына өтеусіз берілетін" деген сөздер " кейіннен меншікке өтеусіз не жер пайдалануға бере отырып Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына инвестициялық жобаны іске асыру үшін уақытша өтеусіз пайдалануға берілетін немесе уақытша өтеусіз жер пайдалануы құқығында ұсынылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-баптың 1-тармағындағы "жаңа жұмыс орындарын құруға және бар жұмыс орындарын сақтауға," деген сөздер "қазақстандық кадрлардың біліктілігін арттыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 ) 1 4 - б а п т а :

1-тармақтағы "қызметтің кіші түрлерін сыныптаушы" деген сөздер "экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптаушысының сыныптары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "инвестормен" деген сөздер "инвестициялық жобаны іске асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 15-баптың 3) тармақшасындағы "инвестордың" деген сөз "өтінім берген Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 ) 1 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Инвестициялық салықтық преференциялар қызметтің түріне және тіркелген активтерге инвестициялардың көлеміне байланысты әрбір жекелеген жағдайларда айқындалатын мерзімге беріледі.";

6) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Кеден баждарын салудан босату

1. Кеден баждарын салудан босату инвестициялық жобаны іске асыру үшін әкелінетін жабдықтар мен олардың жинақтаушыларын импорттау кезінде ұсынылуы мүмкін.

2. Кеден баждарын салудан босату келісім-шарттың қолдану мерзіміне, бірақ келісім-шарт тіркелген сәттен бастап 5 жылдан аспайтын уақытқа беріледі.

3. Осы баптың 2-тармағына сәйкес қабылданған шешім туралы хабарламаны уәкілетті орган 5 жұмыс күні ішінде кеден ісінің мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жібереді." ;

7) 18-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік заттай гранттарды осы Заңмен белгіленген тәртіппен мемлекеттік мүлік және жер ресурстарын басқару саласындағы тиісті мемлекеттік органдармен келісу бойынша келісім-шартқа сәйкес инвестициялық міндеттемелер орындалған жағдайда кейіннен меншікке не жер пайдалануға өтеусіз бере отырып, уақытша өтеусіз пайдалануға не жер пайдалануға уәкілетті орган береді.

Ұсынылған мемлекеттік заттай грантты меншікке немесе жер пайдалануға өтеусіз беру үшін уәкілетті органның шешімі негіз болып табылады. Уәкілетті органның шешімі олар осы Заңның 21-1-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жүргізілген тексеру нәтижелерінің негізінде қабылданады.";

8 ) 1 9 - б а п т а :

5 ) т а р м а қ ш а д а :

"құжаттар" деген сөз "құжаттардың көшірмелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) жобаны қаржыландырудың көздері мен кепілдігін белгілейтін, нотариалдық тәртіппен куәландырылған құжаттардың көшірмелері. Өз қаражатының есебінен қаржыландырылатын жағдайда олардың бар екендігі туралы растау қағазы қоса беріледі ; " ;

7) тармақшадағы "инвестор" деген сөз "өтінім берген Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

8) өтінім берілген тоқсанның алғашқы күніне арналған бухгалтерлік баланс;

9) тіркеу орны бойынша салық органының салықтық берешегінің, жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақылық жарналар бойынша берешегінің жоқтығы туралы анықтамалар болған жағдайда қабылдайды және тіркейді.";

9 ) 2 0 - б а п т а :

"Инвестициялық" деген сөздің алдынан "1." деген санмен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Инвестициялық преференцияларды беруге жасалған өтінімдерді қабылдаудың, тіркеудің және қараудың тәртібін уәкілетті орган айқындайды.";

10) мынадай мазмұндағы 21-1-баппен толықтырылсын:

"21-1-бап. Мониторинг және келісім-шарт талаптарының сақталуын бақылау

1. Келісім-шарт жасасқаннан кейін келісім-шарт жасасушы Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы уәкілетті органға:

1) тоқсан сайын, есептік тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей статистика жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша инвестициялық жобаны іске асыру туралы есепті;

2) жыл сайын, бірінші маусымнан кешіктірмей:

статистика жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша бір жылғы есепті және оған түсіндірме жазбаны;

тіркелген активтерді пайдалануды енгізуді растайтын құжатты;

аудиторлық есеппен расталған:

инвестициялық қызмет нәтижесіндегі кірістер мен шығыстар туралы есепті;

жыл ішіндегі бухгалтерлік балансты;

тіркелген активтер бойынша ажыратымды ұсынады.

Аудиторлық есеп өткен жылдағы қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелерін талдауды және келісім-шарт бойынша инвестициялық міндеттемелердің орындалғандығы туралы ақпаратты қамтуы тиіс.

2. Мониторингті және келісім-шарт талаптарының сақталуын бақылауды уәкілетті орган өздері бекіткен тәртіппен мынадай нысандарда жүзеге асырады:

1) инвестициялық жобаларды іске асыру туралы есептілікті тексеру;

2) ұсынылған аудиторлық есептер негізінде тексеру;

3) тексеру, оның ішінде инвестициялық қызмет объектісіне бара отырып, құжаттық тексеру." ;

1 1 ) 2 2 - б а п т а :

3-тармақтағы "инвесторға" деген сөз "келісім-шарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) келісім-шарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы келісім-шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаған жағдайда. Бұл жағдайларда көрсетілген заңды тұлға келісім-шарт бойынша берілген инвестициялық преференциялар

салдарынан төленбеген салықтар мен кеден баждарының сомаларын Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген айыппұл санкциялары қолданыла отырып төлейді." ;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) осы Заңның 21-1-бабының 1-тармағына сәйкес келісім-шарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы берген есептегі мәліметтердің бұрмаланғаны немесе жасырылғаны анықталған жағдайда." ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

4. Бір жақты тәртіппен келісім-шарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының бастамасы бойынша келісім-шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, көрсетілген заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен өсімпұлын есептей отырып, келісім-шарт бойынша берілген инвестициялық преференциялардың салдарынан төленбеген салықтар мен кеден баждарының сомаларын төлейді." ;

6-тармақтардағы "инвестор" деген сөз "келісім-шарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Мемлекеттік заттай грантты қайтаруды уәкілетті орган келісім-шартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдағаннан кейін бір ай мерзімде келісім-шарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы жүзеге асырады."

**2-бап.** Осы Заң 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*